

**"Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 164 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 509 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 желтоқсанда № 37797 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 164 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32424 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнімділіктің сүтті, сүтті-етті және етті бағытындағы асыл тұқымды ірі қара мал импорты" нысаны.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы  
министрі  
2025 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 509

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің 2023 жылғы  
27 сәуірдегі № 164  
бұйрығына 5-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.gov.kz](http://www.gov.kz)  
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Өнімділіктің сүтті, сүтті-етті және етті бағытындағы  
асыл тұқымды ірі қара мал импорты

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ОАИ-1  
Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы \_\_ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар  
тобы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік  
кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:  
тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күніне дейін

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	
-----------------------------	--

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде.

№	Атауы		Тұқым	Күні		Әкелінген асыл тұқымды мал				Экспор ттауш ы ел	Қаржы ланды ру көзі	
	ауыл шаруа шылығы құралы мы	ауданы		малды ң әкелінг ен	карант індеуд і ң аяқтал уы	барлығы, бас	оның ішінде					
							бұқаш ықтар	сиырла р	құнаж ын			қашар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
облысы												
Облыс бойынша барлығы:												
											x	x

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почтасының мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

аты және әкесінің аты (бар болса), тегі

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

---

аты және әкесінің аты (бар болса), тегі

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өнімділіктің сүтті, сүтті-етті және етті бағытындағы асыл тұқымды ірі қара мал импорты" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз  
негізде жинауға  
арналған "Өнімділіктің сүтті,  
сүтті-етті және етті  
бағытындағы асыл  
тұқымды ірі қара мал импорты"  
нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Өнімділіктің сүтті, сүтті-етті және етті бағытындағы асыл тұқымды ірі қара мал импорты" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: ОАИ-1, кезеңділігі: тоқсан сайын)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнімділіктің сүтті, сүтті-етті және етті бағытындағы асыл тұқымды ірі қара мал импорты" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыруға қойылатын бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – ОАИ) толтырады.

3. Нысанға орындаушы мен басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. Нысанды ОАИ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысанның 1-бағанында реті бойынша нөмірлеу көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында ауыл шаруашылығы құралымының атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында ауданның атауы "Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 2-НҚ бұйрығымен бекітілген "Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші" ҚР ҰЖ 11 Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеуішке сәйкес көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында тұқымы көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында малдың әкелінген күні көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында малдың карантиндеудің аяқталу күні көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында әкелінген асыл тұқымды малдың барлығы, бас көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында әкелінген бұқашықтардың саны, бас көрсетіледі.

14. Нысанның 9-бағанында әкелінген сиырлардың саны, бас көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында әкелінген құнажындардың саны, бас көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында әкелінген қашарлардың саны, бас көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында "Ұлттық стандарттарды, ұлттық жіктеуішті бекіту және ұлттық жіктеуішті жою туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 18 қарашадағы № 290-од бұйрығымен бекітілген "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес экспорттаушы ел көрсетіледі.

18. Нысанның 13-бағанында қаржыландыру көзі көрсетіледі.